

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қарағанды қ.

«29» 06 2023 ж.

Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің "Тілек" бөбекжайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны, директор Тусупбекова А.К. бір жағынан, және Жарғы негізінде әрекет ететін ЖМ "Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті", бұдан әрі "Университет" деп аталатын, атынан ректор Е.Б. Аймағамбетов, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатын, үйымдастырушылық, әдістемелік, ғылыми-зерттеу, эксперименттік және сараптамалық қызмет саласындағы екіжақты қатынастарды дамытуға өзара мүдделілікті ескере отырып, Тараптардың кәсіби және ғылыми әлеуетін барынша толық және ұтымды пайдалануға ұмтыла отырып және жұмыс тәжірибесі мен ақпарат алмасудың екі Тарап үшін де маңызы зор екенін назарға ала отырып, төмендегілер туралы осы Меморандумға қол қойды:

1-бап

Осы Меморандумның мақсаты Тараптардың "Дене шынықтыру және спорттық менеджмент" білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз етудегі және енгізудегі ынтымақтастығы болып табылады.

2-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде қатынастар орнатады және дамытады.

Осы Меморандум шеңберінде өзара іс-қимылдың мынадай нысандары көзделеді:

"Дене шынықтыру және спорттық менеджмент" білім беру бағдарламасының мазмұнын (оку жоспарларын, ұлгілік бағдарламаларды) жетілдіру және жаңарту бойынша ұсынымдар дайындау;

Тараптар арасында тәжірибе және үйымдастырушылық-әдістемелік құжаттамамен алмасу арқылы оку процесін үйымдастыру және өткізу сапасын арттыру;

инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша ұсыныстар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

оку-әдістемелік құралдарды, оқулықтарды, ғылыми жарияланымдарды және т. б. басып шығаруға дайындау бойынша бірлескен жұмыс атқару;

дene шынықтыру және спорт саласындағы білім беруді дамыту мен жаңғыртудың өзекті мәселелері бойынша қажетті білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында оқыту шеберлік сыныптарын, тренингтерді, семинарларды, конференцияларды, дөңгелек үстелдер мен кеңестер өткізу арқылы оқытушылар құрамы мен студенттердің кәсіби деңгейін арттыру;

Тараптардың спорттық базаларында білім беру және оку-жаттығу процестерін ескере отырып сабактар мен жарыстар өткізу;

консультациялық және ақпараттық қызметтер көрсету;

облыстың білім беру үйымдарында (мектепке дейінгі, орта, ТЖКБ) ЖОО студенттерінің оқу-тәрбие, педагогикалық практикасын өткізу.

3-бап

Осы Меморандумның ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңестер мен келіссөздер үйымдастыру жолымен шешеді.

4-бап

Тараптар екінші Тараптан алынған кез келген ақпаратты қорғау шарттарының сақталуын қамтамасыз етуге, оны ақпарат иесі болып табылатын Тараптың жазбаша келісімінсіз ашық жариялауға, жария етуге және үшінші тұлғаларға беруге жол бермеуге міндеттенеді.

5-бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Меморандумның ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген құжаттармен ресімделеді.

6-бап

Осы Меморандум Тараптарға қандай да бір қаржылық міндеттер жүктемейді және өзара іс-қимыл нысандары бойынша орындаудың нақты мерзімдерін көзdemейді.

Барлық осындай мәселелер қосымша шарттар жасасу арқылы шешіледі.

7-бап

Меморандум белгісіз мерзімге жасалды және Тараптардың бірі екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібергенге дейін қолданылады

Меморандумның қолданылуын тоқтату ниеті туралы. Мұндай жағдайда Меморандумның қолданысы аяқталған күннен бастап тоқтатылған болып есептеледі

Тараптардың бірі тиісті жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн.

8-бап

Осы Меморандум күшіне енеді және оған Тараптар қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ректор

ЖМ «Казтұтынуодағы
Қарағанды университеті»
Р. Г. д., профессор



Аймагамбетов Е.Б.

Директор

Қарағанды облысы білім
басқармасының
Қарағанды қаласы білім бөлімінің
"Тлек" бебекжайы" КМКК



Тусупбекова А.К.